



"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 6 желтоқсандағы Заңына сәйкес

## Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір бұйрықтарына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 ) < \* >

*Ескерту: 1) тармақшаның күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2005 жылғы 3 маусымдағы N 211 бұйрығымен .*

2 ) < \* >

*Ескерту: 2) тармақшаның күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 1 желтоқсандағы N 424 бұйрығымен .*

3) "Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің кассалық атқарылуы жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 1999 жылғы 7 қыркүйектегі N 484 V990900\_ бұйрығында:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің кассалық атқарылуы жөніндегі нұсқаулықта:

бүкіл мәтін бойынша және қосымшалардағы "шығыстардың жеке сметасы", "жеке смета", "смета", "сметалар", "шығыстар сметасы", "шығыстар сметасымен", "шығыстар сметасын", "шығыстар сметасында", "жиынтық смета" деген сөздер ауыстырылатын сөздердің септеулері мен жекеше және көпше түрлеріне тиісінше "қаржыландыру жоспары" деген сөздермен ауыстырылсын (1 "Ақылы қызмет көрсетулерді сатудан алынған қаражаттар" тарауының 10 "Ақылы қызмет көрсетулерді сатудан алынған, демеушілік және қайырымдылық көмектен және мемлекеттік мекемелердің депозиттік сомаларынан алынған қаражаттардың есебінің атқарылуы" бөлімінен және N 45 "Ағымдағы шот" қосымшадан басқа);

1 3 - т а р м а қ т а :

он екінші абзацтағы "кірістер" деген сөздердің алдынан "Оракл" жүйесінде жұмыс істейтін Қазынашылықтың аумақтық органдары үшін" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы он үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Баск-М" жүйесінде жұмыс істейтін Қазынашылықтың аумақтық органдары үшін республикалық бюджет шығыстарының функционалдық бюджеттік сыныптама кодтарын Бюджеттік сыныптама анықтамалығының шифрларына көшіру кестесі";

2 3 - т а р м а қ т а :

сегізінші абзац:

"мемлекеттік мекемелер" деген сөздердің алдынан "жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын, қазынашылықтың аумақтық органдарында қызмет көрсетілетін, "Баск-М" жүйесінде жұмыс істейтін мемлекеттік мекемелер бюджетке салықтарды және жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы төлемдерін аударғанда, "Бюджеттік сыныптама коды" төлем тапсырысының шеңберінде 10 таңбалы шифр қояды";

мынадай мазмұндағы тоғызыншы абзацпен толықтырылсын:

"Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын, қазынашылықтың аумақтық органдарында қызмет көрсетілетін, "Оракл" жүйесінде жұмыс істейтін мемлекеттік мекемелер бюджетке салықтарды және жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы төлемдерін аударғанда, "Бюджеттік сыныптама коды" төлем тапсырысының шеңберінде бюджеттік сыныптама шығыстарының 1 2 таңбалы кодын қояды";

5 3 - 1 - т а р м а қ т а :

"кірістері мен шығыстарының тізімдемесі", "шығыстарының тізімдемесі", "кірістері мен шығыстарының тізімдемесін" деген сөздер ауыстырылатын сөздердің септеулері мен жекеше және көпше түрлеріне "қаржыландырудың жиынтық жоспары" деген сөздермен ауыстырылсын;

6 1 - т а р м а қ т а :

"мемлекеттік мекемелер" деген сөздердің алдынан "жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын" деген сөздермен толықтырылсын;

"сыныптама шығыстарының" деген сөздерден кейін "ал, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын, қазынашылықтың аумақтық органдарында қызмет көрсетілетін, "Баск-М" жүйесінде жұмыс істейтін мемлекеттік мекемелердің бастапқы құжаты - 10 таңбалы шифр";

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын, қазынашылықтың аумақтық органдарында қызмет көрсетілетін, "Оракл" жүйесінде жұмыс істейтін мемлекеттік мекемелердің бастапқы құжаты бюджеттік сыныптама шығыстарының 12 таңбалы кодын қамтуы тиіс";

7 3 - т а р м а қ т а :

"10 мәнді код Бюджеттік сыныптама коды" деген сөздер "10 мәнді шифр" деген сөздермен ауыстырылсын";

"лимиттерді иеленуші" деген сөздердің алдынан "қазынашылықтың аумақтық органдарында қызмет көрсетілетін, "Баск-М" жүйесінде жұмыс істейтін" деген сөздермен толықтырылсын";

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"қазынашылықтың аумақтық органдарында қызмет көрсетілетін, "Оракл" жүйесінде жұмыс істейтін лимиттерді иеленушілер "Бюджеттік сыныптама коды

" төлем тапсырысының шеңберінде бюджеттік сыныптама шығыстарының 12 м ә н д і к о д ы н қ о я д ы " ;

7 5 - т а р м а қ т а :

"мемлекеттік мекемелер" деген сөздердің алдынан "жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын" деген сөздермен толықтырылсын;

"сыныптама шығыстарының" деген сөздерден кейін "ал, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын, қазынашылықтың аумақтық органдарында қызмет көрсетілетін, "Баск-М" жүйесінде жұмыс істейтін мемлекеттік мекемелердің құжаттарында - 10 мәнді шифрінің";

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын, қазынашылықтың аумақтық органдарында қызмет көрсетілетін, "Оракл" жүйесінде жұмыс істейтін мемлекеттік мекемелердің шоттарына қолма-қол қаражатты аудару немесе беру жолымен кассалық шығыстарды қалпына келтіруде құжаттарда бюджеттік сыныптама шығыстарының 12 таңбалы кодының бар болуы қажет";

9 3 - т а р м а қ т а :

екінші абзац мынадай мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын:

"Ағымдағы (арнайы) шоттардағы шығыс операциялары бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерде бюджет сыныптамасының 10 таңбалы төлем тапсырысы коды және республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерде 10 таңбалы шифр және қазынашылықтың (қаржы басқармасының) жауапты органының рұқсат визасы болған жағдайда жүргізіледі";

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын, қазынашылықтың аумақтық органдарында қызмет көрсетілетін, "Оракл" жүйесінде жұмыс істейтін мемлекеттік мекемелерді бірлесіп қаржыландырудың ағымдағы (арнайы) шотынан шығыс операцияларын жүзеге асыру бюджеттік сыныптама шығыстарының 12 таңбалы коды көрсетіле отырып жүргізіледі";

153-тармақтың үшінші абзацында "сметалық тағайындау" деген сөздер " жоспарлық тағайындаулар" деген сөздермен ауыстырылсын.

218-тармақ мынадай мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазынашылықтың автоматтандырылған жұмыс орнының жауапты атқарушысы жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің төлем тапсырысындағы шығыстардың бюджеттік сыныптамасында көрсетілген 10 таңбалы кодтың дұрыстығын, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын, қазынашылықтың аумақтық органдарында қызмет көрсетілетін, "Баск-М" жүйесінде жұмыс істейтін мемлекеттік мекемелерде - 10 таңбалы шифрлық, шығыстардың осы ерекшелігі бойынша қаражаттар

лимиттерінің бар-жоғын тексереді, "рұқсат етілді" деген штамп бедерімен бекітеді және қол қояды";

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Оракл" жүйесінде жұмыс істейтін қазынашылықтың аумақтық органдарында жауапты атқарушы республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің төлем тапсырысында көрсетілген бюджеттік сыныптама шығыстарының 12 таңбалы кодының дұрыстығын тексереді";

4) "Мемлекеттік мекемелерде кассалық операциялар жүргізудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 195 бұйрығында :

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде кассалық операциялар жүргізудің ережесінде:

Ереженің бүкіл мәтіні бойынша "шығыстардың сметасын", "шығыстардың сметасы", "шығыстардың сметасымен", "шығыстар сметасы" деген сөздер ауыстырылатын сөздердің септеулері мен жекеше және көпше түрлеріне тиісінше "қаржыландыру жоспары" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы*  
*Премьер-Министрінің орынбасары*

*Қаржы министрі*